

Жетібаев Н.С., Исахова Б.

**Отбасына және кәмелетке
толмағандарға қарсы
қылмыстық құқық
бұзушылықтардың
виктимологиялық сипаттамасы**

Жасөспірімдер қылмыстылығы мәселесін зерттеу жалпы қылмыстылықты зерттегендей нақты жағдайды, яғни криминогендік үдерістер қалыптасатын немесе дамиды саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты анықталады. Өкінішке орай, қазіргі таңда саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай жастарға, соның ішінде кәмелетке толмағандардың өмір сүру ортасына жағымсыз әсер етуде. Еліміздің халқының негізгі бөлігінің өмір сүруінің экономикалық жағдайының нашарлауының тұрақты қарқыны, әсіресе кәмелетке толмағандардың жағдайының нашарлауы отбасылық қатынастарда психо-эмоционалдық жағдайдың және дағдарыстың күшеюіне алып келуде. Өз кезегінде аталған мән-жайлар әлеуметтік құбылыс ретінде балалардың қадағалаусыз қалуының өсу қарқынына алып келуде. Осындай жағдайларда біздің мемлекетімізде жүзеге асырылып жатқан отбасын қолдау туралы іс-шараларды жүзеге асыратын бағдарламаларды тұрақты қаржыландыратын бірыңғай бағдарламалардың болмауы қобалжытады. Бірақта криминогенді жағдайларға тек қана экономикалық факторлар ғана әсер етпейді. Сонымен қатар жалғасып келе жатқан идеялық-құлықтылық дағдарыстың та әсері зор.

Түйін сөздер: виктимология, жәбірленуші, психология, құқық қорғау органдары, адам өлтіру, бұзақылық.

Jetibayev N.S., Isahova B.

**Victimological characterization
of criminal offenses against the
family and minors**

A study of juvenile crime problems, as well as common crime, requires consideration of the particular situation – the political and socio-economic background against which formed and developed criminogenic processes. Unfortunately, it must be noted that the current political and socio-economic background has a clearly negative impact on the youth, including adolescents. Stable trend for worsening economic conditions of the bulk of the population, including minors leads to an increase in psycho-emotional overload and the intensification of the crisis in family relations. In turn, these circumstances contribute to the revival of child neglect as a social phenomenon. In these circumstances, particular concern is the lack of a unified family support programs and sustainable financing of the measures to support the family, which is still carried out in our country. However, the crime situation is influenced not only by economic factors. No less relevant in this context, continuing the ideological and moral crisis. In youth, including adolescents, are cultivated negative stereotypes of behavior, become more widespread alcoholism and drug addiction, rooted selfish and dependent psychology.

Key words: victimology, the victim, psychology, law-enforcement bodies, murder, hooliganism.

Джетібаев Н.С., Исахова Б.

**Виктимологическая
характеристика уголовных
правонарушений против семьи
и несовершеннолетних**

Изучение проблем подростковой преступности, равно как и преступности общей, требует учета той конкретной ситуации – политической и социально-экономической, на фоне которой формируются и развиваются криминогенные процессы. К сожалению, приходится констатировать, что в настоящее время политический и социально-экономический фон оказывает явно негативное воздействие на молодежную, в том числе и подростковую среду. Устойчивая тенденция к ухудшению экономических условий жизни основной массы населения страны, в том числе с несовершеннолетними детьми приводит к росту психо-эмоциональных перегрузок и усилению кризиса в семейных отношениях. В свою очередь указанные обстоятельства способствуют возрождению детской безнадзорности как социального явления. В этих условиях особую тревогу вызывает отсутствие единой программы поддержки семьи и устойчивого финансирования тех мероприятий по поддержке семьи, которые в нашем государстве все же осуществляются. Однако на криминогенную ситуацию влияют не только экономические факторы. Не менее актуален в этой связи продолжающийся идейно-нравственный кризис.

Ключевые слова: виктимология, потерпевший, психология, правоохранительные органы, убийство, хулиганство.

**ОТБАСЫНА ЖӘНЕ
КӘМЕЛЕТКЕ
ТОЛМАҒАНДАРҒА
ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ
ВИКТИМОЛОГИЯЛЫҚ
СИПАТТАМАСЫ**

Виктимологиялық зерттеулер қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын, оның жалпы жағымсыз салдарларын бағалауды зерттеу мүмкіндіктерін кеңейте алады. Осыған қарамастан виктимологияның рөлі төмен бағалануда. Ресми статистикалық есептерде де жәбірленушілер туралы сәйкес көрсеткіш те жоқ. Жәбірленушілер, олардың құқықтары мен міндеттері, зиянның орнын толтыру жолдары мен формалары, әртүрлі зиянның орнын толтыру туралы заңдар да жоқ. Қылмыстық-процестік кодексте жәбірленушілер туралы, олардың тұлғасы және мінез-құлқының сот-тергеу – бағалауы және т.б. туралы арнайы бөлім де жоқ.

Жәбірленуші тұлғасын виктимологиялық зерттеудің басты мақсаты алдын алу шараларын дайындау болып табылады. Бұл шаралар екі жақты болуы мүмкін – міндетті және ұсынылатын. Міндетті шаралар, жеке және топтық дәрежеде де егер өкілетті тұлғалар мен өз балаларының виктимді – азғырушы мінез-құлқы туралы ескертуден тұратын өздерінің міндеттерін бұзған ата-аналарға қатысты, олардың әрекеттері құқыққа қарсы сипатта болса, осындай тұлғаларға қатысты құқықтық шараларды қамтамасыз ету мақсатында заңдармен қарастырылған виктимді – азғырушы мінез-құлқына ие тұлғалармен арақатынаста құқық қорғау органдарының бақылауды қамтамасыз ету жағдайларында орын ала алады.

Ұсынылатын шаралар қажет жағдайларда орын ала алады:

- 1) жасы, жынысы, тұрғылықты жері, жұмыс орны бойынша бөлінетін белгілі бір адамдар тобына кәсіптік және тұрмыстық өмірде максималды түрде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатын кейбір жүріс-тұрыс ережесін түсіндіру;
- 2) жеке мүлкін ұрылардан, тонаушылардан және алаяқтардан қорғаудың кейбір ережелерін түсіндіру;
- 3) қылмыскермен беттесіп қалған кездегі дұрыс әрекеттерді, соның ішінде мекен жайды толық ашып айту және құқық қорғау органдарына жолығу тәртібін (кезекші бөлім, сенім телефондары және т.б.) түсіндіру.

Бұдан басқа, латенттік тек жалпы қылмысқа ғана қатысты емес, виктимділікке де (мысалы, зерттеу бойынша азаматтардың үйін тонау, бұзақылық және экономикалық қылмыстар қатарының латенттілігі 90% жетсе, зорлау мен қорлау да 80%-ға жет-

ті) қатысты болғандықтан, профилактикалық шаралар жалпы латенттік қылмыстарды азайту үшін міндетті.

Виктимдік мінез-құлықтың профилактикасы мәселесін дұрыс шешу үшін заңдық база да қажетті: қылмыстылық, құқықбұзушылық профилактикасы, қылмыстан жәбірленушілерді (құрбандарын) қорғау; қылмыстан болуы мүмкін құрбанының құқықтары мен міндеттері туралы; келтірілген зиянның орнын толтыру тәртібі мен жағдайлары туралы заңдар, қылмыстық, азаматтық, процессуалдық және әкімшілік кодекстеріне сәйкесінше өзгертулер енгізу.

1983 жылы Страсбургте Еуропа одағының Министрлер Кеңесі күш көрсету қылмыстарының құрбандарына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы еуропалық Конвенцияны қабылдады, бұнда Еуропа Кеңесі мемлекеттерінің халықаралық бірлестігі және мемлекеттер тарапынан қылмыс құрбанына келтірілген зиянның орнын толтырудың шарттары мен қағидалары анықталған. 1980 жылы мамырда Жапония Парламенті қылмыс құрбандарына ақшалай төлем төлеу туралы Заңды қабылдады, ол 1982 жылы 1 қаңтарда күшіне енді. Жапонияның Риктумейкан университетінің профессоры Кан Уэданың айтуынша, осындай заң шыққаннан кейін бір жыл ішінде 152 арыз келіп түсті, оның 97-сіне қанағаттандырылатын жауап алды. Бір адамға төленген ақшалай өтемақының орташа соммасы 3400 иен болды [1, 56 б.]. Тіпті Оңтүстік Африка Республикасында жәбірленушілерді зерттеу және қылмыс туралы ескерту арнайы институты бар.

Жапонияда психология, тәрбие жұмысы лабораториясы бар Полиция ғылыми-зерттеу институты жәбірленушілердің өздерін, келтірілген зиянның орнын толтыру, кәмелетке толмағандарды (құрбан) зерттесе, ал кешенді заңи институт – қылмыстардың жекелеген түрлері және топтарымен виктимологияның мәселесін зерттейді. Криминалды-виктимдік мінез-құлық профилактикасы – бұл ғылымның жаңа саласы. 1973 жылы Иерусалимде өткен 1-Халықаралық симпозиумда «виктимология», «қылмыс құрбаны», «қылмыскер және оның құрбаны арасындағы қарым-қатынас» терминдері талқыланды.

1976 жылы Бостонда 2-ші Халықаралық симпозиум өтті, мұнда салыстырмалы виктимологиялық зерттеудің және қылмыс профилактикасындағы потенциалды құрбанның рөлі туралы мәселелер қарастырылды. 1982 жылы Токиода (Жапония) Конти Миядзава

4-Халықаралық симпозиум ұйымдастырды. Онда айыпталушы мен жәбірленушілердің құқықтарының соттағы арақатынасы мәселесі, қылмыстық-құқықтық қорғауды жәбірленушілерге ғана емес және осындай қорғауға мұқтаж және лайықты адамдарға да қорғау көрсету мәселелері қаралды. Виктимология бойынша 5-Халықаралық симпозиумда (Загреб, 1985 ж.) жалпы виктимизация, соның ішінде шет елдіктер мен туристердің виктимділігі мәселесі талқыланды [2, 45 б.].

Одан басқа, бұл форумда қылмыстық құқық және сот өндірісіндегі жәбірленушілердің құқықтық статусы мәселесі де талқыланды. Бұндай практиканы тек жаңа заң актілерін (кодекс және заңдар) дайындау барысында ғана емес, оған қоса криминологиялық мекемелердің қызметтерін жоспарлауда, оның ішінде Интерпол желісі және өзге ведомстволар желісінің қызметін жоспарлау кезінде де ескеру керек [3, 78 б.]. Адам өлтіру, денеге жарақат салу, бұзақылық көбіне саябақ, дискотека, клуб, кафе, мейрамхана сияқты көпшілік орындарда, көшеде жасалынады. Оған табан асты туындаған жағдай, әдетте, себеп болады, елеулі бас араздық болмайды, жанжалдың немен бітерін алғашында болжау қиын. Мас күйде болу, көбіне, қылмыстың жасалуына әкеп соғады. Көптеген зерттеулердің нәтижесіне қарағанда қылмыскердің қарамағына ілінетіндер, негізінен аздап болса да ішімдік ішкендер. Ішімдік – болашақ құрбанның сақтану, қарсыласу, өз мінез-құлқына бақылау жасау қабілетін азайтады, арандатушылық әрекетке итермелеп тұрады. Ол ешнәрседен қайтпайды, ешқандай қылықтан жиіркенбейді. Арғы жағынан «түрт шайтаны» итермелеп тұрған соң ішіп алған адам табан асты, ойланбай әрекет жасайды, сонымен қылмысқа барады.

Бұл жерде кімнің қылмыскер, кімнің құрбан болатыны белгісіз. Мысалы, даугер, ұрысты бастаған адамның өзі таяқ жеп, жәбірленуші болып қалуы мүмкін. Осыған байланысты неміс ғалымы, криминолог Ф. Бауэрдің айтқанымен келіспеуге болмайды, ол былай дейді: «кімде кім өмірде кеудем соқ, сотқар болса, басқаларға тиісіп, қорлайтын болса, әркімге ілінісіп қалыптан тыс мінез көрсетсе, күндердің күні өзінен басым басқа біреуден зәбір шегуі сөзсіз» [4, 56 б.].

Мұндай жағдайда, кейде, құрбанның тұлғасын қылмыскердің тұлғасынан айыру қиын, кейбір қылмыстық әрекеттердің даму барысында олар өзара орын ауыстыруы мүмкін: шабуыл жасаған құрбан болып, қорғанушы қылмыскерге

айналып кетеді. Құрбанның мінез-құлқын зерттеу қылмыстың алдын алу үшін қажет.

Милан қаласында 1985 жылы өткен қылмыстылықтың алдын алу және заң бұзушылар мәселесі жөніндегі БҰҰ-ның конгресі қабылдаған жұмыс құжатында «виктимологиялық алдын алу шараларына» – «қылмысқа әкеп соғатын жағдайларды болдырмау бағытталған күш-жігер» деп түсініктеме береді. Бұл дегеніміз – виктимологиялық алдын алу шараларының басты мақсаттарының бірі қылмыстық құқық бұзушылыққа апарып соғуы мүмкін жағдайларды, сондай-ақ мінез-құлық түрлерін өзгерту болып табылады. Алдын алу жұмыстарының бұл бағыты көптеген батыс елдерінде ойдағыдай қолданыс табуда: қылмыстық құқық бұзушылық болатындай немесе оған итермелейтіндей жағдайларда жәбірленушінің мінез-құлқына ықпал жасайтын шаралар ойластырылып, жүзеге асырылады. Жапонияда, мысалы, «қалалық ауылдар» деген құрылған, онда дау-дамайдың, жанжалдың, заң бұзушылықтың алдын алу үшін бір шағын ауданның тұрғындары өзара топтасқан [5, 78 б.]. Міне, осындай шаралардың арқасында, көптеген елдерде соңғы кездері қылмыстық қауіптің азайғандығы байқалады. Отбасындағы, тұрмыстағы қайшылықтар мен қақтығыстар кісі өзі толық түсіне алмаған жағдайларға бой алдырғанда болады. Жағдайды өзі дұрыс түсіне алмайды, нәтижесінде отбасындағы қатынас бұзылады, әртүрлі дау-дамай, жанжал болады. Бірақ отбасындағы қатынастармен тығыз байланыстағы отбасының әлеуметтік жағдайы әрқашанда қоғамдық қатынастармен, қоғам мүшелерінің өмір салтымен байланысты. Бұл қатынастарда ерекше сипат бар. Ал отбасындағы дау-дамайлар отбасындағы мінез-құлықтың бағыттылығын анықтайды. Отбасындағы ахуал нашарлағанда ондағы мінез-құлық та өзгереді, қатынас шиеленіседі, қақтығысқа апаратын қайшылықтар туындайды, дейді К.Е. Игошев. Қылмыстарға себепші болған әлеуметтік жағдай отбасының өзінің қылмысқа қосқан «үлесін» білдіреді. Отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың бір жолы – отбасында тұрақты, жағымды қатынас қалыптастыру. Отбасы – тұрмыстық қатынастарды мүмкіндігінше реттеу, қайшылықтарға жол бермеу, әрине, отбасы мүшелеріне жүктеледі. Алайда, бұл адамзаттың сана-сезімімен, құқықтық танымымен, мәдениетімен тығыз байланысты.

Отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың

алдын алу шараларын Қазақстан Республикасының прокуратурасы, (ювеналды) сот органы, балалардың құқықтарын қорғау департаменті жүзеге асырады. Қазақстанда салауатты өмір салтының проблемаларымен ғалымдар — медики, педагогтар, психологтар айналысады, олар денсаулықты сақтаудың, нығайтудың және жетілдірудің, адам мүмкіндіктерінің барлық әлеуеттерін жүзеге асырудың теориялық-методологиялық негіздерін жасайды. «Валеология», «Қалай денсаулықты сақтау керек» (Республикалық денсаулық орталығы) оқу бағдарламалары дайындалды. Мысалы, Порфирий Ивановтың «Детка» деп аталатын денсаулық кодексі, өз жұмыстарының негізгі құралы ретінде физиологиялық және адамгершілікке негізделген әдістерді қолданатын салауатты өмір салты мектептерін негізге алды [6, 84 б.].

Сонымен, құқық қорғау органдары және балалардың құқықтарын қорғау департаменті және басқа да органдар қылмыстылықтың алдын алу шараларын бірігіп, соған жан-жақты дайындалса, олар жоспар жасаса, барлық күш-жігерлерін соған бағындырса, жоспарды жүзеге асыру барысында туындаған проблемаларды бірлесіп шешсе, нақты жағдайларға түзетулер енгізсе, тезірек бұл қылмыстан аулақ болатын едік. «Жас балаларды шетелдіктер асырап алу мақсатымен еліне алып кетті» деген хабарды БАҚ-тан жиі кездестіреміз. Заңгер ғалымдар заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде тиянақтылықпен бірлесіп, қажет болса халықтың пікірін сұрап, ұлттық ерекшеліктерін ескеріп, өнімді жұмыс істесе, Қазақстанды құқықтық мемлекет орнату процесі жүйелі түрде жүргізілер ме еді? Бұл мақсатта жалтақтаудың да, басқа елдердің заңынан көшірудің де еш қажеті жоқ. Тәуелсіз Қазақстанның кейбір заңдары түбегейлі өзгеріп, өмірдің шындығына қарай жақындаса, нұр үстіне нұр болар еді. Ал жазықсыз тұтқындалған, азап шеккен адамның моральдық психологиялық шығынын кім өтейді? Өмірде кінәсіз адамдардың қамалып жатқаны аз ба? Әйтпесе, аурудың диагнозын шатыстырып, өлтіріп алған дәрісі сияқты, жазықсыз адамды жазалап жатқан тергеуші де бар. Конституция – заңдардың Атасы деп жүрміз, ендеше заң алдында сол заңды қорғаушы да жауап беруге тиіс.

Қорытындылай айтқанда, біздің ойымызша, халықтың құқықтану саласындағы сауатын көтеру қажет. Ол үшін мектептен бастап Қазақстан Конституциясын, негізгі құқықтық актілерді оқытып, жасөспірім кезінен миына сіңірген жөн. Америка мен Еуропаның

көптеген елдерінде жастар өз елінің Конституциясын, ауадай қажет заңдарын жатқа біледі. Неге? Өйткені, заң дегеніміз – өмірдің нәрі. Кез келген адам алдымен өзін қорғай алатын болуы керек қой. Ол үшін заңдарды зердеге түйген абзал. Жас мемлекетіміздің тұрақты-

лығын, қадамын нық басуын, еліміздің қауіпсіздігінің, мемлекеттік басқару нысандарының бірқалыпты дұрыс қызмет атқаруын, сондай-ақ адамдар мен азаматтар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін ең маңызды құрал – ол заң болып қала бермек.

Әдебиеттер

- 1 Квашис В.Е., Вавилова Л.В. Зарубежное законодательство и практика защиты жертв преступлений. – М., 1996.
- 2 Дубривный В.А. Потерпевший на предварительном следствии. – Саратов, 2010. – 316 с.
- 3 Рыбальская В. Я. Виктимологическая характеристика несовершеннолетнего преступника. – Иркутск, 2012. – 354 с.
- 4 Туляков В.О. Виктимология. Социальные и криминологические проблемы: монография. – Одесса: Юридическая литература, 2014. – 336 с.
- 5 Андронникова О. О. Психологические факторы возникновения виктимного поведения подростков. – Новосибирск, 2011. – 213 с.
- 6 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің материалдарының іс-құжаттары. – №2568-II. – Астана, 2015.

References

- 1 Kvachis V.E., Vavilova, L.V. Zarubejnoe zakonodatelstvo i praktica zachitu jertv prestuplenii. Л.В. М., 1996.
- 2 Dubrivniy V.A. Poterpevchii na predvaritelnom sledstvii. – Saratov, 2010. – 316 s.
- 3 Ribalskaia V.I. Victimologicheskaiia harakteristika nesoverchenoletnego prestupnika. – Irkutsk. 2012. – 354 s.
- 4 Tuliakov. V. O. Victimologia. Socialnie I krinologicheskije problemi: Monografia. – Odessa: Uridicheskaya literatura, 2014. – 336 s.
- 5 Andronnikova O. O. Psikhologicheskije factori vozniknovenia victimnogo povedenia podrostkov/ – Novosibirsk, 2011. – 213 s.
- 6 Kazakhstan Respublicasi Ichki ister ministrigrin materialdarinin is-kujattari.-№2568-II- Astana- 2015 jil.

Жизнь без свободы – ничто.

Латинское изречение